



Ақмешіт

22 маусым
сенбі

№49 (2059)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

ҰБТ: талап, талпыныс, нәтиже

Қазір білім саласында қызу науқан. ҰБТ. Түлектердің алып ұшқан арманы, ата-ана мен ұстаздің толқынысы еселенер шақ. Олай болмай қайтсін, 11 жылдық білім көрсеткіші бір сынақпен байқалайын деп тұр. Жүйелі білім алған түлек білім грантына қол жеткізсе, үлгерімі нашары ақылы негізге жүгінбек. Сондықтан саладағы маңызды кезеңді қапы жібермей, жан-жақты бақылау орынды.



ҚАНША ТҮЛЕК ҚАТЫСАДЫ?

Биыл ел бойынша 186 мың түлек 11 сыныпты аяқтады. Ұлттық тестілеу орталығының мәліметінше, шілде айына дейін созылатын екі кезеңге қатысуға 342 мың өтініш түскен. Оның ішінде тапсырушылардың 75 пайызы қазақ тілінде, 24,9 пайызы орыс тілінде және 229 адам ағылшын тілінде тестілеуді қалапты.

Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің айтуынша, биыл негізгі ҰБТ 43 өңірлік тестілеу орталығында 47 күн ішінде жүргізіледі. Тек төтенше жағдай жарияланған Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қостанай және Солтүстік Қазақстан облыстарында ҰБТ 25 мамырдан бастап 12 шілдеге дейін өтеді. Осы өңірлер үшін

өтініш қабылдау уақыты 20 мамырға дейін ұзартылған еді.

Ұлттық тестілеу орталығының директоры Болатбек Әбдірасылов сөзінше, биыл биология-химия, математика-физика бағытын таңдаған оқушы көп. Аталған статистика грант санына да әсер етуде.

– 79 мың грант – бакалавриат еншісінде. Оған 16 мамыр – 5 шілде арасында негізгі ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысатын 180 мыңнан астам талапкер таласады. Олар оқу сауаттылығы, математикалық сауаттылық, Қазақстан тарихы және екі таңдау пәні бойынша білімін сынайды. Бұрын математика-физика екі бейіндік пәнді 19 пайыз абитуриенттер таңдаса, биыл математика-физиканы таңдаған балалар саны – 16 пайыз. Ал биология-химия 16 пайыздан артықтау.

Шығармашылық – 13 пайыз және 11 пайыз математика-информатика пәнін таңдап отыр. Бұл биология-химия бағытына жасалған, негізделген мамандықтарды жастар көбірек таңдауға мүмкіндік екенін көрсетеді, – деді Болатбек Әбдірасылов.

4-БЕТТЕ

ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ



ЕЛЖАНДЫЛЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ

«Шәкіртсіз ұстаз – тұл» дейді қазақ даналығы. Ұстаздық етіп, ізнен өрген толқынға жол көрсетіп, бағыт-бағдар берген Әділхан Айтмағамбетұлының Сыр бойы журналистикасындағы еңбегі ұшан-теңіз. Әдепкіде бүгінгі «Сыр бойы», бұрынғы «Ленин жолында» біраз жыл қызмет атқарып, бас редактордың бірінші орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Елдің еңсесін тіктеу қажеттігі туған шақта тәуелсіздіктің алғашқы жылдары тіл басқармасын басқарып, мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру тұрғысында ауқымды еңбек етті. Мұның әрбірінде Әділхан Айтмағамбетұлының азаматтық ұстанымы айқын көрініс тапты.

– Қай кезеңде де ұрпақтар сабақтастығы, оның ішінде кәсіби сабақтастық болу керек. Әдепкі еңбек еткен «Сыр бойы» газетіндегі тілшіден бастап жауапты қызметкерге дейін қай-қайсысы да қоғамның мықты тұлғасы болып қалыптасты. Ал өзінің перзентіндей, өзі негізін қалаған «Ақмешіт апталығы» газеті қоғамда өзінің орнын ойып тұрып алған басылымдардың қатарында. Қалалық газет болғанымен, ауқымды тақырыпты, елдік, ұлттық мәселелерді қозғап жүр. Міне, Әдепкі салған сүрлеу осы емес пе еді?!

Әділхан Айтмағамбетұлы азаматтық ұстанымы ерекше, принциптері бөлек, ізеті мен үлгісі мол жан еді. Мен облыстық телеарнаға қызметке келгенде ең әуелі арнайы іздеп келіп, құттықтаған азаматтардың бірі. Әдепкінің маған тағы бір жақындығы – туған бауырым Айғали Қарабаевтың ұстазы болғаны. Кез келген университет бере бермейтін нағыз тәжірибелік білімді беріп, оны қалың оқырманның сүйікті журналисі етті. Облыстың ата басылымы «Сыр бойы» газетінің үлкен мектеп екенін осы бір мысалдың өзінен айқын аңғаруға болады, – дейді ардагер журналист Жағыпар Қарабала.

Үзегілес жүріп қызмет еткен әріптестерінің қатарында болған Жағыпар Аманжолұлы Әділхан Бәйменді елжандылықтың жарқын үлгісі деп бағалайды. Өйткені қиын кезеңдерде ұлт мүддесі жолында еңбек етіп, ұлтқа қызмет етуді міндеті санаған тұлғаның әрбір әрекеті тәуелсіз еліміздің ертеңіне бет алатын.

– Әдепкі тек шығармашылықпен шектелген жоқ. Ол мемлекеттік қызмет, елдің, тілдің, ұлттың мәселесін шешуде маңдай терін төгіп жүретін еді. Сол уақыттарда Әділхан Айтмағамбетұлы секілді ұлтқа қызмет ететін азаматтар керек болды, олар елдің еңсесін көтерді, ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалуда еңбек етті. «Орында бар оналар» деген осы. Бүгінде ұрпағын хабар алып, қуанып отырғанымыз, – дейді Ж.Аманжолұлы.

4-БЕТТЕ

СҰХБАТ

Бақберген ДОСМАНБЕТОВ, қоғам және мемлекет қайраткері, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, «Болашақ» университетінің құрылтайшысы:

ХАЛҚЫМ ПАТШАДАЙ ӨМІР СҮРСЕ, МЕН БӘРІНЕ ДЕ РИЗАМЫН

Бүгінгі сұхбатымыздың кейіпкері – есімі елге танымал тұлғалардың бірі, қоғам және мемлекет қайраткері, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, «Болашақ» университетінің құрылтайшысы Бақберген Досманбетов. Сексеннің сегізінше кезеңіне қалам басқан ағамызбен сұхбатты мейлінше еркін жүргізуді мақсат тұтып, танымал тұлғаның балалық шағындағы басынан өткен оқиғаларын, шынайы әңгімесін бүкпесіз жеткізуге тырыстық.

3-БЕТТЕ



ҚАЛА ТЫНЫСЫ

23 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫ КҮНІ

Жандос МӘЛІК, Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты:

АТАҚ ҮШІН ЕМЕС, ЕЛ СЕНІМІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН

Көктемнің жаймашуақ күнінің бірінде Қызылорда қалалық полиция басқармасының жедел «102» арнасына қала аумағында жеке үйдің бірінде өрт шыққандығы туралы хабарлама түсеті. Полицейлер оқиға орнына жеткенде тілсіз жау күш алып, үйдің ішін қою түгін басқан. Осы оқиғада алғашқылардың бірі болып, тілсіз жаудың ортасына кіріп, басын қатерге тіккен Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты Жандос Мәлікпен сұхбаттасқан едік.

2-БЕТТЕ

ЖАҢАРҒАН ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Жасарған да, жайнаған да, жаңарған да, орындалған сұлу сырда сан арман. Көшелері қайта түлеп, жаңғырған, Гүлзарлары хас сұлудай таранған, – деп ақын жырлағандай, Сырдың бас шаһары жылдан-жылға көркейіп, заманауи ғимараттар бой түзеп, жаңа ойын алаңдары, демалыс орындары ашылып, көшелер кеңейіп, қалалықтарға көтеріңкі көңіл күй сыйлауда.

Тұрғындардың көптен күткен ақжолтай қуанышты орталық алаңның ашылып, ел игілігіне берілуі болды. Енді қала қонақтары, қызылордалықтар кешкі демалыс уақытында шамдары жауһардай жарқырап, көркімен көз тартатын алаңда серуендеп, көңіл көтеретін болды. Жаңарған орталық алаңға қала тұрғындары мен қонақтары ризашылық білдіруде.



– Көзді арбаған ертегі еліндегідей көрініс балаларымызға да шаттық сыйлады. Алуан түрлі түс беріп, көкке шапшыған субұрқалар, диодты шамдар, жайқалған газон, көпжылдық жасыл көшеттер алаңның көркін айықтап тұр. Шағын архитектуралық пішін, жаңа үлгідегі орындар, жарық бағаналары және балалар ойын алаңы демалушыларға шабыт сыйлайды. Мұнда келушілердің қатары өте көп. Шаттыққа бөлендік. Қала халқына қуаныш сыйлаған жандарға мың алғыс, – дейді қала тұрғыны Гүлсара Бақеева.

Расында, орталық алаңды бас қаланың ең шырғайлы жері десек болғандай. Ең бастысы, жаңарып, жасарып, болашаққа қанат жаңарып көрікті қаланың жетістігіне ел риза.

Г. АСҚАРҚЫЗЫ

Жандос МӘЛІК,
Қызылорда қалалық полиция басқармасының жергілікті полиция қызметі бөлімінің ювеналды полиция бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторы, полиция аға лейтенанты:



АТАҚ ҮШІН ЕМЕС, ЕЛ СЕНІМІНЕ ҚЫЗМЕТ ЕТЕМІН

– Өртке оранған үйден зардап шеккендерді эвакуациялау кезінде қандай әрекет жасадыңыз?

– Хабарлама түскен бойда дереу оқиға орнына аттандық. Жағдайды тез бағалап, құтқару жұмыстарын бастадық. Өртке оранған бөлмелердің бірінен 73 және 69 жастағы қала тұрғындары және 5 шетел азаматтары эвакуацияланып, адамдарды құтқару жұмыстарын шебер ұйымдастырдық. Зардап шеккендердің өмірі мен денсаулығын қорғау үшін барлық қажетті қауіпсіздік шарасын қабылдап, шұғыл әрекет ету арқасында құтқарылған азаматтардың өміріне еш қауіп төнбеді. Өз басым өз іс-әрекеттерімізді кәсіби борышымды орындау деп санаймын және атак-данқа ұмтылмаймын, өйткені қиын жағдайда қалған адамдарға көмектесу біздің міндетіміз деп есептеймін. Өмірді құтқару мен үшін және менің әріптестерім үшін мақтанатын нәрсе емес, күнделікті ойланбастан орындайтын жауапкершілік. Біздің міндетіміз – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

– Полиция қызметкері ретіндегі қызметіңіз туралы айтып берсеңіз, қандай міндеттер мен жауапкершілік бар?

– Полиция қызметкерінің жұмысы – жоғары жауапкершілік пен кәсібилікті талап ететін қызмет. Күн сайын тек заң білімін ғана емес, адам психологиясын, қоғамдық қатынастарды терең білуді талап ететін міндеттер қойылады. Азаматтардың құқықтарын қорғауға, қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге міндеттіміз. Бұған қылмыстың алдын алу, қоғамның сенімі мен құрметін қолдау кіреді. Полиция қызметкерлері адам құқықтарын сақтай отырып, қатаң заң аясында әрекет етуі керек. Өз міндеттерін тиімді атқару үшін өз дағдылары мен білімдерін үнемі жетілдіріп отыруымыз қажет. Басты міндетіміздің бірі – барлық азаматтар үшін қауіпсіз және әділ орта құру.

– Тәртіпті сақтау және мәселелерді шешу үшін қандай әдістерді қолданасыз?

– Кез келген полиция қызметкерінің жұмысы тәртіпті сақтау мен азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі саналатын заңды қатаң сақтауға негізделген. Полиция проблемаларды шешу үшін профилактикалық әңгімелесулер мен қоғамдық науқандардан бастап жедел-ізвестіру шаралары секілді түрлі әдісті қолданылады. Маңызды аспект – халықтың ынтымақтастық, оның ішінде тұрғындармен кездесулер өткізіп, өзекті мәселелерді талқылап, оларды шешу жолдарын қарастыру. Заңды сақтау – полиция қызметкерінің міндеті ғана емес, халықтың сенімінің негізі.

– Полиция қызметкері болғысы келетін жастарға қандай кеңес берер едіңіз?

– Полиция қызметкері болу – қоғамға қызмет ету, құқық тәртібін қорғау жолын таңдау деген сөз. Полицияда табысты қызмет ету үшін жастардың бойында бірқатар қасиеттер болуы қажет. Полиция қызметкері болғысы келетіндер үшін болашақ мансабында көмектесетін бірқатар қасиеттерді дамыту маңызды. Ең бастысы, полиция қызметкерлері халықтың қауіпсіздігіне жауапты болғандықтан, жоғары жауапкершілік пен сенімділік талап етіледі. Өртүрлі жағдайларда тез шешім қабылдау қабілеті, сондай-ақ экстремалды жағдайларда сабырлылық пен жинақылық қабілеті де маңызды. Сондай-ақ физикалық дайындық пен төзімділік, басқарудың проблемалары мен қиындықтарын түсіну, сенімді орнатуға және түрлі жағдайларда адамдармен қарым қатынасты орнатуға алуы маңызды. Бұл қасиеттер жастардың полиция қызметкері болып қана қоймай, осы салада маман болып қалыптасуына септігін тигізеді. Оқуда осы мамандықты тандамас бұрын, сіздің құндылықтарыңызды тандаған мамандығыңызбен үйлесімділігі туралы ойлану маңызды. Көбінесе адамдар мамандық таңдауда қателеседі, жұмыс барысында қиындықтарды жеңе алмайтынын түсінеді. Сондықтан жеке қабілет туралы ойлану және тандаған мамандыққа сәйкес келетініне көз жеткізу маңызды.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Әңгімелескен София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІ

«Ұлтқа қызмет ету – білімнен емес, мінезден» деген екен ұлт көшбасшысы Әлихан Бөкейханов. «Тірі болсам, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп, Алаштың ертені үшін батыл қадамдарға барған қазақ зиялысының ұстанымымен өмір сүретін мемлекеттік қызметшілер жетерлік. Мереке қарсаңында саладағы өзгерістер мен жаңашылдықтарды білу мақсатында ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы Ерлеген Мендалиевпен сұхбаттасқан едік.

Ерлеген МЕНДАЛИЕВ,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің басшысы:

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ОРНАЛАСУ ЖЕҢІЛДЕДІ

– Ерлеген Жәрдемұлы, ең алдымен, кәсіби мерекелеріңіз құтты болсын. Өңірдегі азаматтардың мемлекеттік қызметке деген қызығушылығы қандай?

– Құттықтауыңызға рахмет. Мемлекеттік қызмет – бұл барлық мемлекеттік басқаруды ұйымдастырудағы жетекші рөл атқаратын мемлекет жүйесінің ең маңызды тетіктерінің бірі. Мемлекетіміздің тыныштығы мен халқымыздың бейбіт өмірі бәрінен қымбат. Білікке деген сенім қазіргі қоғамның талаптарына сай қызмет ететін мемлекеттік қызметшіден басталады. Мемлекеттік қызметшінің қызметі – туған Отаны мен халқына адал еңбек етуімен бағаланады. Мемлекеттік қызметші ел сенімін шыға білсе, одан жоғары мәртебе, одан артық бақыт жоқ деп есептеймін.

Ал енді қызығушылыққа келсек, қазіргі таңда отандастарымыздың мемлекеттік қызметке ұмтылысы ерекше. Біз сол үшін қуаныштымыз. Оның үстіне, қазір мемлекеттік қызметке орналасуға көптеген кедергі жойылды. Тіпті, жана мүмкіндіктер де қарастырылды. Мәселен, жоғары оқу орнын мемлекеттік грант арқылы бітірген жас мамандар конкурстық іріктеусіз төменгі лауазымдарға тағайындалады. Мұндай мүмкіндік 2023 жылдан бастап жастарға заң шеңберінде берілді. Осыған дейін облыста 4 жас маман жұмысқа орналасты. Қызылорда қаласы, Талсуат ауылдық округі әкімінің аппаратына, Шиелі ауданы, Туран ауылдық округі әкімі аппаратына, Қармақыш ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы лауазымына және Арал ауданы Жақсықылыш кентіне бас маман болып, конкурстық іріктеусіз тағайындалды. Бір айта кетерлігі, бұл мүмкіндікті диплом алғаннан кейін бір жыл ішінде пайдалануға мүмкіндік бар. Осы кезде аудандарға іссапар кезінде де жастармен, облыста жоғары оқу орындарының студенттерімен кездесіп, осы тақырыпта түсіндірме жұмыстарын жүргізіп келеміз. Жастарды қызметке тарту мақсатында был диплом алушы жастар үшін «Mansar Navigator 1.0» бос жұмыс орындары жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Шараға 30-дан аса мемлекеттік және жекеменшік мекеме ұйымдарының өкілдері және 600-ге жуық студент тұлға қатысты. Жұмыс берушілер тарапынан 200-ден астам бос жұмыс орны ұсынылды.

– Өңірлік кадр резервіне іріктеу жұмыстары қалай жүзеге асып жатыр?

– Бүгінгі таңда өңірлік кадр резервіне іріктеудің соңғы кезеңіне келіп жеттік. Бұған дейін іріктеудің бірінші кезеңінде өңірлік кадрлық резервке 235 үміткердің құжаты қабылданды. Екінші кезең екі блокта өтті. Оның бірінші блогы – зәңнамамы білуге арналған тестілеуге 226 үміткер тіркеліп, оның 220-сы тест тапсырды, 6 үміткер тестілеуден өтуден бас тартты. Екінші блок жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге 115 үміткер жіберіліп, оның 114-і тіркелді, 1 адам бас тартты. Нәтижесінде 51 үміткер кадр резервінің келесі үшінші кезеңіне жіберілді. «Құзреттерді бағалау» кезеңі осы жылдың 13-29 мамыр аралығында Астана қаласында Мемлекеттік басқару академиясының базасында өтті. Аталған 51 үміткердің басым бөлігін мемлекеттік қызметшілер, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және жеке сектордың қызметкерлері мен мұғалімдер құрайды. Соңғы кезең осы жылдың 22-26 тамызы аралығында өтеді деп жоспарланууда. Өңірлік резервке аймақтан 25 адам алынады. Резервте тұру мерзімі 2 жылды құрайды.

– Осы біз мемлекеттік қызметкерлердің ет пен сүйектен жаралған адам екенін ұмытып кеткен жоқпыз ба? Әдеп жөніндегі кеңеске қарап отырсақ, осындай ой келеді...

– Соңғы жылдары Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік істерін қарауды азыайтып, профилактикалық бағыттағы жұмыстарға көбірек көңіл бөлуде. Мысалы, 2022 жылы кеңесте 86 мәселе қаралған болса, оның 45-і (52%)



Жобаға өңір тұрғындарының қатысу белсенділігі қаншалықты деңгейде?

– Бүгінгі таңда өңірлік кадр резервіне іріктеудің соңғы кезеңіне келіп жеттік. Бұған дейін іріктеудің бірінші кезеңінде өңірлік кадрлық резервке 235 үміткердің құжаты қабылданды.

Екінші кезең екі блокта өтті. Оның бірінші блогы – зәңнамамы білуге арналған тестілеуге 226 үміткер тіркеліп, оның 220-сы тест тапсырды, 6 үміткер тестілеуден өтуден бас тартты. Екінші блок жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге 115 үміткер жіберіліп, оның 114-і тіркелді, 1 адам бас тартты. Нәтижесінде 51 үміткер кадр резервінің келесі үшінші кезеңіне жіберілді.

«Құзреттерді бағалау» кезеңі осы жылдың 13-29 мамыр аралығында Астана қаласында Мемлекеттік басқару академиясының базасында өтті. Аталған 51 үміткердің басым бөлігін мемлекеттік қызметшілер, халыққа қызмет көрсету орталықтарының және жеке сектордың қызметкерлері мен мұғалімдер құрайды. Соңғы кезең осы жылдың 22-26 тамызы аралығында өтеді деп жоспарланууда. Өңірлік резервке аймақтан 25 адам алынады. Резервте тұру мерзімі 2 жылды құрайды.

– Осы біз мемлекеттік қызметкерлердің ет пен сүйектен жаралған адам екенін ұмытып кеткен жоқпыз ба? Әдеп жөніндегі кеңеске қарап отырсақ, осындай ой келеді...

– Соңғы жылдары Әдеп жөніндегі кеңес мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік істерін қарауды азыайтып, профилактикалық бағыттағы жұмыстарға көбірек көңіл бөлуде. Мысалы, 2022 жылы кеңесте 86 мәселе қаралған болса, оның 45-і (52%)



тек оларды жазалаумен ғана емес, қорғаумен де айналысып жүргенімізді байқауға болады.

– Заман да сәт сайын жаңарып, дамып келеді. Мемлекеттік қызметтегі азаматтардың біліктілігін арттырып, тәжірибесін қалыптастыруда қандай қадамдар бар?

– Мемлекеттік қызметшілерді даярлау және қайта даярлау жұмыстары (тағайындалған кезден бастап 6 айдан кешіктірмей) ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы мен оның аумақтық филиалдарында жүргізіледі. Ал біліктілігін арттыру курстарын (3 жылдан сиретпей) Академия мен оның филиалдарымен бірге, мемлекеттік орган қызметінің бейініне сәйкес келетін білім беру ұйымдары жүзеге асырады. Өткен кезеңде барлығы 123 (жоспар – 826 (14,9%) қызметшінің білімін жетілдіру ұйымдастырылды. Оның ішінде қайта даярлаудан – 25, біліктілігін арттырудан 98 мемлекеттік қызметші өтті.

Мемлекеттік қызметке алғаш рет немесе оны тоқтатқаннан кейін алғаш рет келген 37 тұлғаға 3 ай сынақ мерзімі тағайындалды. Оның ішінде 36 тұлғаға тәлімгер бекітілді. Тағайындамадан өтуі тиіс 23 қызметшінің 11-і өткен.

– Кейінгі буынға қандай ақыл айтар едіңіз? Мемлекеттік қызметші қандай болуы керек? Өрне, барлығы жұмыстың алғашқы күнінен бастап-ақ бәрін білетін деңгейге жетпейді ғой...

– Мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған адам ҚР Мемлекеттік қызметі туралы және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметке кіру шарттарына сәйкестігі тұрғысынан ұлттық қауіпсіздік органдары жүргізетін арнаулы тексерудің оң нәтижесін алуы қажет.

Мемлекеттік қызметке алғаш кіретін азаматтар үшін олардың атқаратын мемлекеттік лауазымдарға сәйкестігін тексеру мақсатында үш ай мерзімді құрайтын сынақ мерзімі белгіленеді. Мемлекеттік қызметке келген жастарға ел Президентінің мына сөзін айтқы келеді.

«Мемлекеттік қызметші болу – еліміздің, халқымыздың жарқын болашағы үшін адал қызмет ету. Бұл – үлкен жауапкершілік. Бұл – үлкен парыз. Мемлекеттік басқару ісіне ойы ұшықар, білімі озақ, сана сезімі терең, нағыз отаншыл жастар келуі керек».

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан Дәулет ҚЫРДАН

ПОЛИЦИЯ – ЕЛ ҚОРҒАНЫ



Елдің қауіпсіздігін сақтап, тыныштықты күзету жолында полиция қызметкерлерінің еңбегі ерен. 23 маусым – қоғамдық қауіпсіздік пен тәртіпті қалыптастыру аяндай еңбек етіп жүрген мамандық иелерінің төл мерекесі. Мереке қарсаңында өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық полиция департаменті Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығының орынбасары Оралбек Омаров БАҚ өкілдеріне брифинг берді.

– 1992 жылғы 23 маусымда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары туралы» заң қабылданып, 2007 жылы 5 маусымда Мемлекет басшысының Жарлығымен 23 маусым – Қазақстан Полициясы күні деп бекітілген еді. Бүгінде Қазақстан полициясына 32 жыл толып отыр. Қазақстан полициясы күні мерекесі – осы жауапты қызметті жолға қоюдың басы-қасында болғандарға, ардагерлерге және бүгінде осы салада еңбек етіп жүргендерге ризашылық пен алғыс білдіру күні. Сондай-ақ біз бұл күні егемен елімізде Қазақстан полициясының іргетасын қалаған ардагерлерге құрмет көрсетіп, бейбіт уақытта ел тұрғындарының тыныштығы үшін өз өмірін құрбан еткен әріптестерімізді еске аламыз. Қызылорда облысының Жалағаш ауданындағы №124 орта мектебінде қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан полиция капитаны Әбішев Кеңесбек Махметханұлының, Сырдария ауданындағы №13 орта мектебінде, 2003 жылы қызметтік міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан полиция лейтенанты Қозыбаев Талғат Есентайұлының құрметіне Ішкі істер министрлігінің нұсқаулығына сәйкес «Қадет сыныбы» және «Батылдық бұрышы» ашылды. «Қадет сыныбын»

ашу жұмыстары жүйелі түрде оқу жылы басталғанда өз жалғасын табады, – дейді Оралбек Тәубақылыұлы. Сондай-ақ осы атаулы күні ел қауіпсіздігін қорғау жолында қаза тапқандарға тағзым ете отырып, полиция қызметкерлерінің ерліктерін еске алып қана қоймай, құрметті зейнет демалысына шыққан ардагерлерге де құрмет көрсетеді. Бұл күн ардагерлердің қызметі мен адалдығы ұмытылмайтынын, оларға деген құрмет көрсетуі мүмкіндік береді.

– Сонымен қатар полиция қатарында ерлермен бірге погон таққан 200-ден аса әйел қызметкер бар. Бәрі де тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне өз үлесін қосуда. Қазіргі таңда басшылық лауазымда нәзік жан абыроймен атқарып келеді, – дейді Полиция департаменті бастығының орынбасары. Сонымен қатар Полиция департаменті бастығының орынбасары Оралбек Тәубақылыұлы қоғамдық тәртіп сақтау мақсатында материалдық техникалық жабықтау деңгейінің жақсарғанын айтты. Ішкі істер министрлігінің бастамасымен ішкі істер органдарын дамыту жөніндегі жол картасы бекітілді. Қазір полиция қызметкерлеріне тұрғын үйді жалға алу үшін жәрдемақы беріліп, жалақысы өскенін де атап айтты.

София ТЕМІРБОЛАТ

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық инспекциясы мамандары өз қызметтеріне сәйкес ет, сүт өнімдерін сақтайтын қоймаларға, шаруа қожалықтарына, мал сою алаңдарына ветеринариялық-санитариялық қорықтанды және шет елдерге шығатын жануарларға, ет өнімдеріне, басқа да ветеринария саласына қатысты өнімдерге ветеринариялық сертификат беру бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуді жүзеге асырады. Соның ішінде, ветеринариялық сертификат бергенде қала аумағындағы эпизоотиялық жағдай міндетті ескеріледі. Инспекцияда электрондық жүйе түбегейлі болмаса да, біршама функциялар, яғни көрсетілетін мемлекеттік қызметтер компьютерлік базамен жүргізіледі. Сертификат беруде сыйбалықтық болдырмау мақсатында сертификат алу үшін жазбаша өтінішті әр азамат өз үйінде отырып, «egov» порталы арқылы беруге мүмкіндігі бар, халыққа қызмет көрсету орталығына барып электронды порталда өтініш беруде жолға қойылған. Қалалық ветеринариялық өтінішті қабылдағанын растау күнін, уақытын көрсетіп, оның көшірмесіне тіркеу туралы белгі қойылады. Ал портал арқылы келген өтінішке қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жолданады. Инспекция маманы құжаттарды алған сәттен бастап екі жұмыс күнінде алынған құжаттардың толықтығын тексереді. Қызметті алушы инспекция маманына немесе порталға құжаттардың толық топтамасын тапсырған күннен бастап – 2 жұмыс күні ішінде сертификат ала алады. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны – электрондық, шешімі қағаз түрінде беріледі. Мемлекеттік қызмет көрсету аялдан ала жазылуы кезек күту тәртібімен жүргізіледі. Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясымен 2023 жылы 18 сертификат берілсе, 2024 жылы 8 сертификат рәсімделді. Инспекция мамандарымен сапалы қызмет көрсету басты міндет болып қала берелі.

Б.НУРМАНОВ,
ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда қалалық аумақтық инспекциясының бас маманы



Бакберген ДОСМАНБЕТОВ, қоғам және мемлекет қайраткері, ҰҒА академигі, экономика ғылымдарының докторы, «Болашақ» университетінің құрылтайшысы:

ХАЛҚЫМ ПАТШАДАЙ ӨМІР СҮРСЕ, МЕН БӘРІНЕ ДЕ РИЗАМЫН

– Өмірбаяндық кітабыңызда ауылыңыз жайлы, өзіңіздің балалық, бозбалалық, жігіттік шақтарыңызды тартымды баяндағансыз. Сол кезеңнен әдемі естеліктер айтсаңыз.

– Қай адам болсын, өзінің туған жерін, балалық шағын, өсу, қалыптасу жылдарын сағыныспен еске алып, әсерленеді. Мен ауылдың перзенті болғанымды мақтан тұтамын. Біз өмірге келген жыл соғыстың енді бітіп, елдің басынан ауырталық кете қоймаған қиын кезеңмен тұспа тұс болды. Сол заманда қазақ ауылы екінші бір ауылға егіз қозыдай ұқсас болып келеді. Малы да, жаны да, ішкен-жегені, киген киіміне дейін солай. Биламығын ішсе де, қоныр күймен қоныраулатып жүре беретін әлімсақтан қалпы бар.

Ал мен өскен «Диірментөбе» басқа ауылдан бітім-болмысы жағынан бір бөлек оқшау тұрған секілді. Бекет тұрғындары тіл-құлағы байланып құм ішінде жатқан адамдар емес, дүниеде не болып жатқанын өткен-кеткен пойыздан еститін, заматында пікір түйетін, жаңа күннен жаңалық іздейтін жаңашыл жандар еді.

«Диірментөбе» деген аты айбатты естілгенім, үйлер салдыр-салақ, адамның қалтасынан түсіп қалған көр-жердей әр жерде шашылып жатыр. Ауыл қазағы болсаң, сыртқы есікті ашасың да, етік-байпағыңды шешпестен екі аттап төрге шығасың.

Мен «Диірментөбенің» табанында иті үріп, сиыры мөңіреп, шаңытып жатқан ауылға күнде бір соқпаса көңілім көншімейді. Ит таластырамыз, қораларды түрткілеп тауықтың жұмыртқасын іздейміз, торғай атамыз. Кезермедегі өмір бекеттегі тірліктен әлдеқайда қызық. Кешке дейін дамыл таппай қас қарайғанда әжемің жанына жаңтамын. Кейде білтесі лып-лып еткен ондық шамның жарығымен тас төбеге қарап жатып қалғып кетемін.

Әжемің баласы болып өстім. Бір күні әжеміңнен қарап жұрмей атымыз неге «Бакбер» қойғанын сұрадым. Әжем болса сенің атың «Бакбер» емес, «Бакберген». Біз еркелетіп «Бакбер» дейміз деп түсіндіріп жатыр. Осылайша әжемізбен арамызда пікірталас туды. «Ендеше неге «Бакберген» дейсіздер?» деймін мен де сөз таластырап. «Ауылда «Бакберген» деген бұзық адам бар еді. Саған соның атын қойдық. Сауып жатқан түйенің аяғының астынан қайта-қайта өте беретін болған. Бірақ абырой болғанда түйе деген тұқым зузатымызға бітпеген түлік» дейді әжем күлімісіреп.

– Жұбайыңызбен таныстығыңыз да бір хикая екен. Сол күндердің мөлтек сырмен бөліссеніз.

– Тағдырдың біз күтпеген сыйы көп. Сондай бір керемет, жаймашуақ күні Зейнегүлмен танысуым сәті түсті. Мен болашақ жарым тұрағын көше мен үйді әскерде де жүрегімде үш жыл сақтағаным. Қызметім ұнады ма ол жағын білмедім. Әскери басшыларым үш жылда үш рет демалыс беріп, елге келіп қайттым. Ондайда Қызылордаға соғамын. Мұнда менің бірге оқыған досым Нұрхан бар. Сол күні күріш орағынан көңілді оралған екен. Қайтар жолда облаткомның біраз қыздарымен бірге келіпті. Соның ішінде Зейнегүл деген қызда сөмкесі кетіп қалыпты.

Басы 1-бетте

Одан беріректені обаны әйгілі Ақсақ қыздың қабірі дейді. Марқұм Дұрман қожа «Қорқыттың қобыздың дауысы айшылық жерден естіледі екен. Хан сарайында отырған 40 қыз осы дауысты естіп, құдіретті сарыға қарай елтіп жүре беріпті. Күн артынан күн өтсе де әлгі дауыс жеткізер емес. Қыздар далаға түнеген. Ұйықтаса да, оянаса да қобыз үні құлағынан кетпеген. Жолға тағы шығады. Ақыры қыздардың бәрінің өкпесі өшіп өліпті. Қобыз дауысынан үмітін үзбеген тек Ақсақ қыз болыпты. Сол Ақсақ қыздың бейіті әлі күнге дейін Қорқыт қабіріне жақын жатыр деуші еді. Бірақ бала болсақ та екінші бірі қолы жетпейтін ұлы перзенттің қабірінің ақырғы кейіпін көзімізбен көрдік. Көпке дейін «Диірментөбе» төңірегінде Қорқыт қобыздың сарыны естіліп тұрғандай болды. Сондағы көнекөз кісілерден естігенім қобыздың ішегіне арналған қылды бесті аттың құйрығынан суыртпақтап отырып жүрді. Ат тірі болуы шарт. Оның қыл құйрығынан шығатын үн де таза, тірі әуен секілді есіп тұрады. Қызылордада соқыр Ишан деген кісінің қобыздың қасиеті қайтпаған деседі. Ат құйрығының ірісінен 56, жіңішкесінен 55 тал алып ширатып, екі ішек етіп байлайды. Сол ішекті қылышымен осып-осып өткенде, жүз он бір тірі дауыс жамырап, алдыңнан аңдағайлап шыға келеді. Біз осындай қобыздың талайын бақсылардың қолынан көрдік. Зікір саларда адамның көңілі-күйін бір сарыға бейімдеу үшін де Қорқыт қобыз қажет болған.

– Өзіңіз негізін қалаған «Болашақ» университеті еліміз ғана емес, алыс-жақын шетелдіктер таманып, таңдай қағатын оқу орны екендігін мақтанышпен айтамыз. Ішкі сәулеті, дизайны, оқу кабинеттері жайлы талай татымды мақалалар жарыққа шығып, теледидардан көрсетіліп жатыр. Дизайнерлік өнерден, оқу ғимараттарының сіз-сыртың ашекейлеуден шығармашылық ләззат алып, еңбектестіңіз рас па?

– 2017 жылдың ақпанында Сырдарияға салынған жаңа көпірдің үстіне шығып тұрып, «мына жерден кампус саламын» деген ой келді. Үлкен қалаларда әдемі, көрнекті ғимараттар өзеннің екі бетінде тұрады. Туған қаламызда да сондай сәні асқан биік ғимараттар бой көтеруге тиіс.

Жаңа кампус дарияның батыс бетіне түсетінін көзіме елестеттім. Ол кемі 14-15 қабат болады, дарияның жиегіне баспадақтар орнатылып, кешкілік студенттер «тамаша жексенбі күн көл басында, тұнықтан балық аулап бала отырса» дегендей, су жағалап қызыққа батады. Жатақханалары өз үйіндей, қай кезде барса да есігі ашық. Киноға кірем десе, театры тұр, әткеншек тепсе, жұп-жұп боп анау баққа барады. Бұл менің қиялым ғана емес еді. Кампус дегеніміз – осындай жағдайдың бәрін қамтитын қалашық. Сол оқу қалашығын салу Сырдарияның сол жағалауына жаңа қаланың іргетасын қалаумен байланысты іске асты. Мен әр жасаған жаңа дүниенімен шығармашылық ләззат аламын. Қолға алған

әл-ауқатын жақсарту үшін пайдалы заңдар керек екенін, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажет деп Парламент жұмысының сапасын көтеруге қатысты нақты ұсынысыңызды ортаға салыпсыз. Осы бірбеткейлігіңіз өзіңізге келергі болған кез болды ма?

– Халық аманатын арқалау оңай емес. Ел сенім артқан соң оны міндетті түрде орындау керек. Сенаттың өкілетті жиындарында Сыр өңірінің әлеуметтік мәселелерін үздіксіз көтеріп, оның әділ шешілуіне барынша атсалысып, мемлекеттің заң шығарушы құзырлы жоғары органының ең бәсеңді мүшесі болдым деп сеніммен айта аламын. Республикалық бюджеттің ұтымды жоспарлануына білек сыбана араластым. Сенаттан Еуропадағы Қауіпсіздікпен ынтмақтастық ұйымының (ЕКҰ) Қазақстан делегациясының мүшесі болып сайланып, халықаралық парламенттік мінберден талай толымды ой, келелі пікір айттым. Байқоңырдағы ғарыш айлағының қызметіне байланысты қала тұрғындарының әлеуметтік-тұрмысымен мектеп оқушыларының құқықтық мәселелерінің әділдікпен шешілуін көтердім. Туған жердің мәселесін көзге алып қалған жоқпын. Бүгін еш нәрсеге бей-жай қарай алмайтындығым да себеп болған шығар. Айтқан уәдемі орындауға жанымы салдым. Бұл тұрғыда Үкіметке де орынды, дәлелді сын айтудан тартынбай, ол кемшілікті жою жолын да ұсындым. Сондай ұстанымның дәлелі ретінде 2000 жылы



– Шыңғыс Айтматовтың әйгілі «Ғасырдан да ұзақ тұн» шығармасынан өзіңіздің кіндік қаныңыз тамған «Диірментөбені» көріп, ерекше әсер алдыңыз. Ұлы суреткерді арнайы іздеп барып, әңгімелесіңіз. Сол әсеріңізбен бөліссеніз...

– Кітап авторы, Қырғызстанның Бельгиядағы елшісі, әйгілі жазушы Шыңғыс Айтматовпен екі мәрте Брюссельде кездестім. Жолым түскен соң ағамызға сәлем бердім. Әңгіме арасында көкейде жүрген сауалдарымды қойып үлгердім. «Шыңғыс аға, «Боранды бекет» болып шыққан кітабыңыздың желісін қайдан алдыңыз? Себебі сондағы табиғат пен адамдар тағдыры менің туған ауылым «Диірментөбеге» ұқсайды екен» дедім. Жазушы сәлден кейін асықпай әңгімесін бастады. «Жетпісінші жылдар болса керек-ті. Мен «Қырғызстан» пойызымен Мәскеу жақтан келе жаттым. Қазалы стансасынан кәдімгі бізде киетін ақ қалпақтың жиегін қайыраң, кескін-келбеті қырғызға келетін қария вагонға мінді. Іште жайғасып отырған болмағанын шалды қасыма шақырып шай бердім де, елдің аман-дәуірін сұрадым. Сөйтсем қария өмірде көргені мен түйгенін қатар ұстаған көшелі кісінің өзі болып шықты. Даланың ақылманы кәдімгі. Төретам стансасынан түседі екен. Өңгіме орайында ата-бабасының мәңгілік мекені әскерилердің қоршауында, аяқ астында қалғаны айтып. Міне, сол шал бір жарым сағат ішінде маған «Боранды бекет» романының жалпы желісін айтып берді. Ал мәңгірт туралы аңызды Қырғызстанда жүріп естідім. Қара нар да сол шалдікі, боранды бекет те, жолшыны айналдырған түлкі де, Найман ана бейіті де шалдың дерегі. Егер ғайыптан кездескен қария «Диірментөбенің» адамы болса, «Боранды бекетті» менің ауылым деп иемдене беруіне болады. «Боранды бекетті» біздің ауыл ма деп емесіп қалғаны сол замандағы адам тағдыры бір-бірінің көшірмесіндей ұқсас еді. Мұң мен қайғының арғы атасы ұқсас қой. Мен солай ойлаймын.

ісімді жүзеге асырмай тыным таппаймын. Бүгінде арманым орындалып университет қай жағына болса бәсекеге қабілетті екені көрініп тұр. Ол жайлы көп айта бермейін. Мұны халық өзі де бағалап жүр. Ең бастысы, асқақ арманым орындалды. Жас ұрпақ біз көрмеген игілікті көріп, біз жатпаған жатақханаға жатып, зулім ғимаратта білікті ұстаздардан білім алуда. Барлық дизайн өз қолыммен сызылып, өз қолтаңбамен жүзеге асты.

– Үнемі бір жаңалық ашып, елді елге еткізумен келесіз. Қызылордадан қырық шақырым жерде қамыс, қоға қаулап өсіп, суы тартылып бара жатқан қолға қамқорлық жасап, тінін тазартып, суын жанартып, балық өсіріп, жағасын жайқалтырыңыз. Омарта да ұстансыз. Мұның бәрін уақытты қайдан табасыз?

– Ең бастысы, адамда ниет болу керек. Сыр жерінде көгал өспейді деп кесіп айтуға болмайды. Еңбектенген түлетуге болады. Бұдан бірнеше жыл бұрын Қызылордадан қырық шақырым жердегі қамыс, қоға қаулап өсіп, суы тартылып бара жатқан қолға қамқорлық жасап, тінін тазартып, суын жанартып, балық өсіріп, жағасын жайқалтыр. Құм, сор, тұзды жерде ешнәрсе өспейді деген он гектардан астам жерге Сыр өзенінен насоспен су шығарып, қияр, қызылқанды, асқаққа, қауын, қарбыз, піяз, сәбіз басқа да көкөніс өнімдерін өсіріп, өнім алдық. Алты мың түп алма ағашының, үш мың түп жүзімнің көшеттерін отырғыздық. Шаруаға жұмылған жігіттерге жағдай жасап, оларды жерді пайдалануға, игеруге үйреттік. Шөлейт жатқан алқапты алма баққа, бау-бақшаға айналдырып, сазарып, шаң қауып жатқан даланы құлпыттық десек болады. Сыр дариясының жағасындағы қалың жыңғылға омарта орналастырып, жыңғыл түлінен бал өндірген кезіміз болды.

– Сенат депутаты болған кезіңізде Үкіметке де кемшіліктерді жою жолдарын тайсалмай айтатыныңыз сіздің ұлт-жандылығыңыз деп ойлаймын. Еліміздің

Сенаттың бір отырысында сөйлеген сөзімде «...Біздің көбіміз қан базардай қиналған елдің ортасынан, әлеуметтік, экономикалық реформалардың күрделі де, қиын тұстарын игеруге ұмтылған ат үстінен су ішкен кезеңмен бетпе-бет жүзделген халықтың арасынан олардың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін зерттеп-сарапалап, екіпеліп отырмыз... Еліміздің әл-ауқатын жақсарту үшін зиялы заңдар керек екенін айтып, шала туған заңдарға терапевтік емдеу қажет» дедім. Парламент жұмысының сапасын көтеруге қатысты нақты ұсыныстарымды ортаға салдым.

– Қарттыққа бет алған шақта өмірлік жарыды жоғалту оңай емес. Десе де өмірдің запы пенденің жүрек қалауына бағынбайды. Жүрекке салмақ салған сәттің бірі осы болар?

– Мен өміріме қажетті бәрін осы бір талдырмаш қыздың өн бойынан таптым десем қателеспеймін. Алтыңға, асылға айырбастамас тәтті сәттерімді қазір сағыныспен еске аламын. Балаларым, немерелерім, ұрпақтарым бар ғой. Алаға шүкір. Бірақ жастығымың қуасіндей қымбат жаннан көз жазып қалу қиын екен. Өмір жолы адамның ұзақ сапар ғой. Сол жолда қарттықтың кемеліне келіп, даналықтың даңғыл жолына түскенде ер адамға жан жарынан айырылу ауыр екен. Менің жұбайым тек балаларымның анасы ғана емес, қандай жауапты қызметте жүрсем де ақылшым, қамқорым, жұбанышым болды. Артық кеткен жерім болса, сабырға шақырып, сабама түсіріп, отауыма күндей мейірімін төкті. Ер азаматтардың бере алмайтын кенесін берді. Осы өмірде қандай жетістікке жетсем соның бәрінде жұбайымның қолтаңбасы бар. Мен өмірімнің соңына дейін Зейнегүлдің рухына бас иіп, жүрегімде мәңгілік тұмардай сақтаймын.

– Өмір сізге бақты, бақытты, абырой мен терен білім, телгей теңіз шабыт, асқақ арман, оны жүзеге асыратын төзімділік пен парасаттылық, сабырлық пен жайсаңдық сыйлады. Есіміңіз тарихта қатталып қалатыны ақиқат. Асқар шыңдарды бағындырған өміріңізге ризасыз ба? Бақыттымын деп ойлайсыз ба?

– Баянды бақыттың баспаладағы оңай қалаңбайды. Сол жолда адам күресу керек. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайраттылықты бойға сіңіру керек. Мен қандай қызмет істесем де халқыма болсын дедім. Жоғарғы мінберлерден Сыр бойындағы жерлестерімнің жағдайын айтып, өзекті мәселелерін шешуге атсалыстым. Халықтың аманатын арқалап атқа мінген азамат елдің наласына қаламай, асқақ абыроймен өз міндетін атқару керек. Қазір жас ұрпақтың өркендетіп елдердің жастарымен терезесі тең болсын деген асқақ арманмен өмір сүріп жатырмын. Өйткені мен бар болмысымен халқымын кіндігіне байланғанмын. Өрине, сондықтан да бақыттымын деп ойлаймын.

– Сұхбатыңызға рахмет.

Сұхбаттасқан
Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

ТАУЛАР АЛЫСТАҒАН САЙЫН БИІКТЕЙДІ

МЕН ОСЫНДАЙ МЫҚТЫЛАРМЕН ҚЫЗМЕТТЕС БОЛДЫМ

Енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан тәуелсіз ел үшін ұлтжанды азаматтар ауадай қажет болды. Сол уақыттарда республика бойынша жалғыз ғана Қызылорда облысында тіл басқармасы құрылған болатын. Міне, осы басқарманың тізгінін ұстап, ұлтқа қызмет ететін азамат ретінде Әділхан Айтмағамбетұлы таңдалды. Бір кездері әріптес болып, осындай марғасқалардың тәлімін алған Асылбек Жұмабаев та ұлтқа қызмет еткен қайраткер туралы естелік айтты.

– Мен осындай мықтылармен қызметтес болдым. Әскербек Рахымбекұлы, Оразбек Максұт, Құттыбай Сыздықов, Әділхан Бәймен тәрізді азаматтармен бірге елдің ертеңіне еңбек еттік.

Қазір қазақ тілі артта қалды деп жатады. Мен мүлдем келіспеймін. Қазақ тілі артта қалған жоқ, ол дамып жатыр. Тіліміз – тірі, бірақ жаралы. Иә, Әдекең осы мемлекеттің тіл саясатының жүйелі жүргізілуіне ерекше ықпал етті. Сол уақытта мен осындай керемет азаматтармен бірге жұмыс істегеніме қуанамын.

Әдекең спортқа жаңы құмар кісі еді... Футболда лоторея ойналатын. Бірде сол лотореядан Урал мотоциклін Әдекеңнің баласы ұтып алды. Сонда біз Кеңес Махамбетов, Хусейн Сәрсенбаев және мен – үшеуіміз балаша қуандық. Стадионды басымызға көтере шаттандық. Өзгелер бізге таңқалды. Тіпті «Ұтқан сендер емессіңдер, неге қуанасыңдар?» деп сұрағандар да болды. Біз бір-бірімізден көп нәрсе үйрендік. Өзгенің қуанышына қуану да біздің дағдымыз еді.

Біз бір-бірімізге жанымыз ашып, болысып жүретінбіз. Бірде бес бөлмелі пәтер босап, оны үш балалы отбасына бергілі жатқанда мен қарсы шықтым. Әдекеңде де, Құтекеңде де бес баладан бар еді. Солардың кезегі де, реті де көп тұрғанын айттым. Соңына дейін қарсы тұрдым. Бірақ олар өз дегенін істеді.

Уақыт көші алға жүре береді. Бірақ Әдекеңдер ешқашан ұмытылмайды, – дейді Асылбек Тенелұлы.

Бір заманда қызметте болған осындай азаматтардың кейінгіге берер үлгісі де, айтар ойы да, ақылы да белек. Иә, олардың болмысы белек. Тіпті, естігеніңді көргендей етіп, көз алдына әкелген Асылбек Жұмабаевтың досқа деген сағынышы да оның әрбір сөзінен сезіліп тұрғандай еді...

Айтпақшы, Әділхан Айтмағамбетұлының футболға құштарлығы ерекше болған екен. Жұан жүдырығына өзгелердің басымен бірдей қолғабын киіп, қақпада тұрғанды ұнататын. Тіпті әріптестер арасындағы футболдан жолдастық кездесулердің бірінде ақын Шәкзиза Әбдікәрімовтің «Ә, жігіттер, ойнаңдар! Бірақ Әдекеңді де ойнаңдар!» деген сөзі әріптестердің жадында әлі күнге жаттаулы.

ҚАЗАҚТЫҢ БАЛАЛАРЫН ҚАЗАҚША ҮЙРЕТУ – БІЗДІҢ БАСТЫ МАҚСАТЫМЫЗ

Редакцияның бас есепшісі Қаламқас Кенесариеваны қызметтестері біздің ағамыз деп атайтын. Бір лездеме екіншісіне ұқсамайды. Әрбір жанымыз әзілден бастайтын Әділхан Бәйменнің әдеті бүгінде қызметтестерінің жадында сақталған.

– Мамандығым есепші болған соң ақша жайын көп ойлаймыз ғой. Айлығымды азынып, басқа жұмыс іздеймін дегенімде Әдекең «Қаламқас, біздің басты мақсатымыз – қазақтың балаларын қазақша үйрету. Ақша жағы «түзеу» дейтін. Сенесіздер ме, арада неше жыл өтсе де мен осы сөзді Әдекеңнен басқа ешкімнен естімедім. Ол өзін ұлтқа арнаған жан еді. Елге қызмет етейік дегенді үнемі айтатын. Өзінен гөрі өзгенің бақытын көп ойлайтын. Оның көпшілігінен болар, редакцияға қоңақ көлетін. Мықты-мықты тұлғалар жиі бас сұраған. Әдекең дүние жинамады. Осы жерде отырған қанша шәкірттері бар. Өзінен кейінгі жастарды елге қызмет етуге тәрбиеленген нағыз ұлтжанды азамат болды, – дейді ол.

Бүгінде облыстық «Қузылорда» телеарнасында абыройлы қызмет атқарып жүрген Нұржан Оспан да осы редакцияның жұмысын жүйелі жүргізуде аз еңбек еткен жоқ. Мықты менеджерлік, ұйымдастырушылық қабілеті жоғары оның да Әділхан Айтмағамбетұлынан үйренгені көп. «Мені жанынан бір елі қалдырмайтын. Қасына кіл мықтыны жинады. Одан үйренгеніміз көп. Әдекеңдей азамат ұмытылмаса екен» дейді Нұржан Жағыпарұлы.

Айналаға объективпен қарап үйренген фотоліші Талғат Дәулетжолған те осы ұжымда еңбек еткен. Қанша басының арасынан естен шықпайтын азамат еді деген оның да ойында Әділхан Айтмағамбетұлына деген сағыныш сақталып тұр.

– Өмірде тұрақты ештеңе жоқ. Бәрі өтеді, кетеді, ұмытылады. Ал Әдекең ұмытылмайтын азаматтардың қатарында. Мықты ұйымдастырушы. Ол берген тапсырманы демеу ұғасын. Қысқартса, нық айтады. Кей басылардың берген тапсырмасын алдына қайта барып сұрап алуға тура келеді, ал Әдекеңнің алдына қайта бармайсың. Ол кісінің осындай қасиеті болатын. Сол уақытта газеттің таралымы 8 мыңнан асып кетті. Бұл оның мықты менеджерлігінен болса керек. Кейбір астарлы нәрсеңіз өзін бірден ұғып қоятын.

Ол «Алдына келген адамды алдымен тындап ал, сонан кейін барып ой түйесің» дейтін. Кейде кабинетіне келген адамның мұң-мұқтажын бірнеше сағат отырып тындайтын. Оның осы қасиеті мені таңқалдыратын, – дейді Т.Дәулетжолған.

Қызмет жолында қазақ рәсімдеріне редактор, облыстық партия комитетінде баспасөз жөніндегі нұсқаушы, облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының бірінші орынбасары, облыстық тіл басқармасының басшысы, «Ақмешіт апталығы» газетінің бас

Басы 1-бетте

редакторы қызметтерін атқарған Әділхан Бәймен сегіз қырлы, бір сырлы азамат болатын. Иә, оның қаламынан туған туындылар тіпті кітап болып жарыққа шықты. Бір емес, бірнеше рет. Газеттен «Жұлдыз» деген бет ашып, еркін тақырыптағы, сезімге толы туындыларды сонда жариялап тұратын.

Осы басылымда қызмет етіп, бүгінде өзі бір газетті тұрақты шығарып, өзі редакторлық етіп жүрген Бибайша Алпысбаева да жұмыс істеді. Мықты мамандық дереу танытын Әділхан Айтмағамбетұлының қырағылығы оны да басылым жетекшілігіне алып келітті.

– Жалағашта аудандық газетте жұмыс істеймін. Редактормын – Асқар Кіребаев. Әдекеңнің ол кісімен достығы, аралас-құраластығы да бар. Қалаға ауысып келгенімде ол кісі мені жұмысқа шақырды. Балам кішкентай еді, келіспедім. Құдамыз арқалы шықты. Күйеуімді балыққа апарып, оңаша сөйлесті. Ақыры, мені жұмысқа алды. Ол кісі алдына мақсат қойса, соған бәрбір қол жеткізіп еді...

Бірде маған бас редактор болсаңыз деді. Ал мен үздіксізді бас тарттым. Бір күні Ахат аға Жанаев екеуі маған белек кабинет жасақтап, ішін әрлеп, сәндеп қойыпты. Екінші күні екеуі құдайы-той, шаруалары шығып қалып менен сұранып жүр. Сөйтсем, сыртыман редактор сайлап қойыпты. Ол кісілердің осындай кендігі, керемет қасиеттері бар еді... Қаржылық қиындықтарды қатты ұяйымдады. Бірақ бәрбір қиындықтан шығар жол табатын, – дейді ол.

Табиғатынан тумысы белек тұлғаның даралығы бірге қызмет істеген әріптестерінің есінде. Уақытында қолқ жүргізушісі болып еңбек еткен Әбілхан аға оның айналға камқорлығының ерекше екенін айтты.

– Мен оның шоңыры болдым. Көлік біздің үйде тұрады. Әдекең жүгіріп келіп, мені оятады да өзі жұмысқа автобуспен кетіп қалады. Ондай басымын көрдіңіздер ме?! Сондай қарапайым, айналасын көп ойлайтын. Адам баласына ренжімейтін. Маған көп көмектесті. Иә, мен де іні болып еркеледім. Орны қатты білінеді, – деді ол.

СОЛ ТҰҒЫРДАН ТҮСПЕСЕК ДЕП КЕЛЕМІЗ...

Бүгінде Әділхан Бәймен негізін қалаған «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне 30 жыл толды. Ал өзі тірі болғанда 80 жасқа толар еді... Бүгінде өмірден өткеніне 20 жыл болды. Уақыт бір орнында тұрмайды, сырғыған сағаттар сан түрлі өзгерістерге ұшыратады. Бірақ өзгермеген бірнәрсе бар. Ол – «Ақмешіт апталығы» қоғам алдындағы арқаалаған жүгі. Елдік, ұлттық тақырыптарға үн қосып, қазақтың ертеңі жайлы ой толғайды. Бүгінгі баямсыз бейнесін қалам ұшымен оқырманға көрсетеді. Иә, біздің де алдымызда үлкен мақсат бар. Басылымды биік тұғырдан төмен түсірмесек дейміз. Газет шыққалы ұмыт қалмаған «Қуақы» да әлі күнге өз тұғырынан тайған жоқ. Әділхан Бәймен жақсы көретін сұхбат жанры да газеттен ажыраған жоқ. Редакция құрамы қанша жаңарса да, мақсат пен мүдде бір.

«Әділхан әлеміндегі» отыз жыл бұрынғы ой мен толғам бүгінде сол қазақты биікке көтерсе дейді. Егемен елдің ертеңі жарқын етуге үлес қосуды армандайды. Әрбір азаматтың жеке ойы елдік мүддесмен тоғысқанда ғана мақсатқа жетеміз. Біздікі де сол емес пе, қадірлі оқырман!



ӨЗГЕРІС БАР МА?

Әрбір түлек YBT-дағы бильғы өзгерістің қалай боларын болжаумен болғаны анық. Жыл басында Ғылым және жоғары білім министрлігі аталған сауалға нүкте қойып, сынақта айтарлықтай жаңалық болмайтынын айтты. Тек өткен жылға қарағанда YBT тапсыру санында ғана айырмашылық бар.

Анығын айтсақ, Бильғы тестілеу саны – бес рет. Екеуі қантар, наурыз айында ақылы негізді өтті. Екі ақылы тестілеу кезінде түлек күш сынап, өзінің әлсіз түсін білуге мүмкіндігі болды. Қалған екі негізгі тест мамырдан шілдеге дейін созылуда. Түлек осы негізгі екі кезеңнің ішіндегі ең жоғары балл арқылы грантка үміткер бола алады. Тамыз айында бесінші кезең де бар. Бұл ақылы оқуға түсетін немесе тапсыруға үлгермеген, сондай-ақ халықаралық университеттердің нәтижесін күтіп жүргендерге арнаған.

YBT тапсыру талаптарында, талапкерлерге тест тапсыруға алып келуге тыйым салынған заттар тізімінде де өзгеріс жоқ. Тестілеуге мектеп формасымен келу де талап етілмейді, еркін, ыңғайлы формада келе алады. Уақыт жүйесі де бұрынғы межеде. 4 сағат, яғни 240 минут. Шама мен қабілетті көрсетуге берілген мүмкіндік – осы.

Алайда тестілеу кезінде кішігірім өзгеріс бары рас. Мәселен, сұрақтардың санында өзгерістер бар, бұрын оқу сауаттылығы мен математикалық сауаттылық бойынша 15 сұрақ болса, бильғы оны саны 10 сұраққа қысқарды. Ал сол екі пәнді әрбірнен алынған 5 тапсырма бейінді пәндерге беріліп отыр. Себебі талапкерге оқуға түскенде бірінші кезекте өзінің мамандығына негіз болатын бейінді пәндер бойынша көрсеткіш маңызды.

Сондай-ақ YBT-тың орталығы директорының орынбасары Наужан Дидарбекованың БАҚ-қа берген мәліметіне сүйенсек, оқу сауаттылығына басымдық берілме.

– YBT-ның пәндері ішінде ең жоғары көрсеткіш оқу сауаттылығында болып тұр. Бильғы негізгі тестілеу кезінде жалпы 162 мыңға жуық талапкер YBT тапсырды. Сондағы оқу сауаттылығы бойынша келген сұрақтардың 81 пайызына дұрыс жауап берілген. Ең төменгі көрсеткіш – химия мен физикада. Ең жоғары көрсеткіш оқу сауаттылығында болып тұрғанына себеп те бар. Өйткені онда осыған дейін 4 мәтін болатын. 100 сөзге дейін қамтылатын бірінші мәтінде 2 сұрақ, 250 сұраққа дейін қамтылатын екінші мәтінде 4 сұрақ келетін. Ең қиыны 3-4 мәтіндер еді. 400 сөзге дейін қамтылатын 3-мәтінде 6 сұрақ, 500 сөзге дейін қамтылатын 4-мәтінде 8 сұрақ берілді. Мектептерді аралап, түсіндіру жұмысын жүргізген кездесулерде талапкерлер оқу сауаттылығы оңай пән болғанымен, мәтіндер уақытты жеп қоятынын жиі айтатын. Сол себепті олардың ойы ескеріліп, мәтіндер саны қысқартылды. Бұл – балалардың оқу сауаттылығын төмендету емес, керісінше сапаға әсер етті, – деді маман.

3 жыл бұрын министрлік айтулы реформаға қадам жасағанын білеміз. Яғни ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар қатарластарымен бірдей YBT тапсыруға мүмкіндік алды. Оларға қосымша тағы 40 минут уақыт берілген. Балаларға берілетін сұрақтардың мазмұны да ерекшелігіне қарай құрастырылыпты. Өйткені аталған түлектер кейбір графика мен ұсақ жазуды, диаграммаларды көрмеуі мүмкін.

Сонымен қатар тестілеуді тапсыруға тіркелгенде сынақ кезінде өзіне не қажетін айтса, барыныша орындау көзделген. Мәселен, көруі нашар талапкердің жанында тест тапсырмаларын оқып беретін көмекші отыруға тиіс. Ерекшелігі, көмекші қажет ететін балаларға тәуелсіз көмекшілерді әр өңірдегі мемлекеттік комиссия тағайындайды. Жүйелі жұмыстың нәтижесі болар, жыл сайын YBT тапсыратын ерекше талапкерлердің қатары артады.

АЙМАҚ ЖЕТІСТІГІ

YBT басталғалы әлеуметтік желіде жоғары балл жинаған түлектер туралы ақпарат таралды. Әр өңір өз үздігін насихаттап, түлектерге шабыт сыйлағаны анық. Облыста да аталған үрдіс бұзылмап, жақсы нәтиже көрсеткен оқушылардың есімі көп естілді. Соның ішінде Қызылорда қаласындағы С.Толыбеков атындағы №3 IT мектеп-лицейдің оқушысы Сейілхан Оралхан YBT-дан 134 балл жинады. Осылайша, жылдар бойы жинап еңбектің жемісін көріп, мектеп мақтанышына айналды.

Ұстаздарының айтуынша, Сейілхан Оралхан ұлттық бірінші тұлға ерекше дайындалған. Көп уақытын ізденіске жұмсаған оқушының үздік нәтижесі ата-анасын да қуанышқа бөлегені анық.

Мектеп түлегі қатарластарына сәттілік тілеп, маңызды сынақтан сүрінбей өтуге кеңес берді.

Басы 1-бетте

– YBT тапсырушыларға айтарым, ең бастысы, қорықпау керек. Аталған сынақ өмірдің соңы емес. Бұл – жай ғана өмірдегі кішкене баспалдақтың бірі, – деді Сейілхан Оралхан.

Қаладағы С.Әлжіков атындағы №144 орта мектебінің түлектері де жарап тұр. Мұнда Арсен Раушанбеков есімді түлек YBT-тың бірінші тестілеуден 132 балл жинаған. Оның ішінде математика пәнінен – 49 балл, география пәнінен – 45 балл алған.

Сондай-ақ әзірге облыс бойынша ең жоғары балл жинаған екі талапкер белгілі. Олар – Қармақшы ауданындағы №121 мектептің түлегі Мақсат Қуанышбек пен Жаңақорған ауданындағы №54 мектептің түлегі Аружан Шазат. Қос түлек 136 балды еншіледі.

– YBT-ға жүйелі дайындық жүргіздім. «Juz40» онлайн білім беру орталығының әдістемесін пайдаланғандым да көмегін берген секілді. Нәтижесінде әр YBT тапсырған сайын көрсеткіш көтерілгенін байқадым. Мысалы, алғашқы сынақта 70 балл алсам, кейін қантар мен наурыздағы YBT-да 125 балл жинадым. Оның негізгі кезеңде 136 балл иеленуге мүмкіндік туды, – деді Мақсат Қуанышбек.

Айта кетейік, бильғы Қызылорда қаласында 3273 түлек YBT-ға қатысуда. Оның ішінде 206-сы «Алтын белгі» иегері.

ЕРЕЖЕ МЕН ЕССІЗДІК

Бильғы білім нақанында заңсыздық та орын алған. Әсіресе түлектер мен мекеме тарапынан ереже бұзу, талапты орындамау байқалыпты. Мысалы, YBT басталғалы бері талапкерлердің 315-і ереже бұзған. YBT-тың тестілеу орталығының баспасөз қызметінің мәліметіне сәйкес, ереже бұзған талапкерлердің 219-ы смартфон, шпаргалка және басқа да тыйым салынған заттарды алып оты салдырған тест тапсыру мүмкіндігін айырды. Тестілеу кезінде ереже бұзғаны үшін аудиториядан 89 адам шығарылып, нәтиже жойылған.

Алайда бильғы YBT-ға қатысты талаптардың бұзылу оқиғасы өзгерек сипатта өрбиді. Stan.kz ақпарат агенттігі 6 маусымда «YBT сертификаттанын айырылады» Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушылары емтихан сұрақтарын әзірлеп, шынайы тапсырма ретінде таратқан» деген ақпарат жариялады. Ақпаратта жазылғандай, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин Facebook-тегі парақшасында білім ордаларының бірінде оқушы жалған тапсырмаларды әзірлеп, ал басқа оқушылар тобы оларды шынайы емтихан материалы ретінде таратқанын, және ол оқушыларға тәртіптік жаза қолданылғанын мәлімдеген.

Қызығы, бильғы тақырыпқа қатысты шулы мәселенің ортасында Назарбаев мектебінің оқушылары жүрді. Әлеуметтік желіде Назарбаев мектебінің оқушылары емтихан тапсырмаларын әзірлеп, шынайы материал ретінде таратқаны айтылуда. Келенсіздікті НЗМ төрағасы Әнуар Жанғозин растап, Facebook-парақшасында оқиғаға қатысты мектеп ұстанымын білдірді.

– Бұған дейін Назарбаев зияткерлік мектептерінің түлектері тапсыратын қорытынды емтихан материалдарын сату мен алдын ала тарату бойынша жалған ақпараттың пайда болғанын жазған едім. Бүгінде дейін мәселені жан-жақты зерттедік. Жүргізілетін қызметтік тексеріс шаралары оқушыларымыздың бірінші тапсырмаларды өз бетінше әзірлегені, ал басқа оқушылар оны нақты емтихан материалдары ретінде таратқаны белгілі болды. Бұл біздің мектептердің академиялық адалдығы мен ішкі ережелерін қатаң бұзу болып саналады.

Бұл оқушылар қорытынды емтихан аясында YBT сертификаттанын алу мүмкіндігін айырылды. Материалдарды таратуға қатысқан қалған оқушыларға да тәртіптік жаза қолданылды. Біз мектептеріміздегі білім беру процесінің сапасы мен тұтастығын сақтау үшін біз берудің жоғары стандарттарын, академиялық адалдық пен ашықтық принциптерін ұстануды бұдан әрі де жалғастырамыз, – деп жазды Әнуар Жанғозин.

ШЕКТІ ШЕГЕНДЕЛІП, ГРАНТ САНЫ НАҚТЫЛАНДЫ

Бильғы қандай мамандыққа көп грант бөлінетіні бәрине қызық. Жауапты министрлік сөзіне сенсек, бильғы бөлінген грант саны – 112 мың. Бұл бильғының көрсеткіштен 23 мыңға артық. Аталған қандам Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған кадр саясатына қатысты статистика аясында әзірленіпті.

«Бұл көрсеткіш экономика саласының үрдістері, сондай-ақ «Атамекен» YBT-тың Кәсіпкерлер палатасы, орталық мемлекеттік органдар мен өңірлік әкімдіктердің ұсынған қажеттілік негізінде қалыптастырылады. Жоғары білім берудің барлық деңгейі бойынша 2024-2025 оқу жылына арналған мемлекеттік тапсырмасы аясында 112 мың грант бөлінген. Оның ішінде бакалавриатқа – 79 мыңға жуық, магистратураға – 13 мыңға жуық, докторантура – 2 мыңға жуық грант берілді», – деді тиісті ведомстводан.

Айта кетейік, гранттардың басым бөлігі инженерлік, өңдеу, құрылыс, педагогикалық ғылымдар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласына бағытталған. Сондай-ақ жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика бағытына да басымдық бар.

YBT артта қалса, келесі кезең – мемлекеттік білім беру гранты мен ЖОО-ға құжат тапсыру. Бұл орайда бакалавриатта білім алу үшін үміткер жинауы тиіс шекті балды білген жөн. Жұырда YBT-тың тестілеу орталығы аталған тақырыпта мәлімдеме жасады. Айтуларына, бильғы тек «ауыл шаруашылығы, биоресурстар және ветеринария білім беру саласы бойынша шекті балл өзгеріп, кемінде 50 балды құраған. Қалған білім беру салалары бойынша шекті балл деңгейінде өзгеріс жоқ. Атап айтқанда, педагогикалық ғылымдар мен құқық – кемінде 75 балл, денсаулық сақтау – кемінде 70 балды қажет етеді.


«Бүгінде «Математика мұғалімдерін даярлау» мамандығы бойынша Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетіне грантка түсу үшін кемінде 77 балл жинау керек болса, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-не 110 балл, SDU University-не 120 балл қажет», – деді YBT-тың тестілеу орталығы.

Е.БАЛТАБЕКҰЛЫ



Дәулет ҚЫРДАН

Меншік иесі:



Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір – 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӘЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу нөмірі: №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Атқасына 2 рет, сәйкесі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдарды пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығын автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі ЖПС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242)40-06-68

Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 2892 Түпсырыс №971

Немірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН